



Ақмешіт

26 наурыз
сенбі

№24 (1829)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«Екінші РЕСПУБЛИКА» НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Наурыз мерекесімен Алматы қаласы тұрғындарын құттықтауында айтқан «екінші республика» ұғымы қоғамды бей-жай қалдырмады. Сарапшылар мен саясаткерлер Президент айтқан жаңа анықтаманы талқылағаны рас.

Тіпті мұны тура мағынасында түсінгендер де жоқ емес. Президент айтқан «екінші республика» анықтамасы нені білдіреді? Бұған мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин «Telegram» каналында түсініктеме берді.

Мемлекеттік хатшының айтуынша, Президент жаңа анықтаманы арқылы құндылықтарды жаңарту жайын айтқан.

– Алматылықтарды Наурыз мейрамымен құттықтау кезінде Президент жаңа анықтаманы – «Екінші республика» жайында айтты. Осыған байланысты кейбір сарапшылар бұл түсініктің астарында не жатыр және бұған дейін жарияланған «Жаңа Қазақстан» концептісіне оның өзара қатысы қандай деп сұрақ қоюда. Шын мәнінде, осы екі идеологеманың мәні бір, яғни тек акценттерінде ғана айырмашылық бар. Жаңа Қазақстан – ол жалпы біздің елдің болашағының образы, – деп жазды мемлекеттік хатшы.

Өзгеріске ұмтылған мемлекетке үлкен өзгеріс, саяси реформа қажеттігі Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтылды. Саяси жаңғыру алдындағы мемлекетке жаңа заң қабылдау, Ата заңға өзгеріс енгізу қажеттігі де сөз болды. Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин еліміз қаңтар оқиғасынан кейін немесе Жолдаудан соң Жаңа Қазақстанда өмір сүре бастады дегенді білдірмейтінін, бұл қоғамдық трансформацияның терең және ұзақ процесі екенін де атап өтті.

– Сонымен бірге Президент Жолдауда саяси реформалардың жаңа басымдықтарын жариялағандан кейін билік институттары арасында жаңа конституциялық теңгерімді қалыптастыру туралы сөз қозғап отырғаны көпшілікке түсінікті болды. Бірінші кезекте ол басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламентті бар президенттік республикаға біржола көшу бастамасына қатысты. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауын жүзеге асыру аясында Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу және 20-дан астам заңды қабылдау ескерілген. Бұл – реформалардың өте ауқымды жоспары. Белгіленген жаңарулар саяси жүйенің барша конфигурациясын елеулі түрде өзгертеді, – деді мемлекеттік хатшы.

Сондай-ақ ол жаңа анықтаманың мемлекеттік үлгінің жаңаруы екенін түсіндірді.

– Жалпы тек мемлекеттік басқару моделін ауыстыру басталғаны жайында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік әрі қоғамдық парадигманың өзгеруі туралы айтуға болады. Бүгінде осы процесі нақты белгілеу үшін Президент «екінші республика» анықтамасын пайдаланды. Бұған қоса, екінші республика – ол әбден жақын әрі айтарлықтай сезіліп тұрған мақсат. Себебі Мемлекет басшысы бастама еткен саяси реформаларды жүзеге асыру осы жылдың ішінде жоспарланған. Жаңа Қазақстан – қоғам мен ұлттың жаңаруы болса, ал екінші республика – мемлекеттік үлгінің жаңаруы, – деп түсіндірді ол.

Жаңа Қазақстан құруға ұмтылған қазақстандықтарға жаңаша ойлау, жаңаша көзқарас қажет. Президент кешегі Жолдауда да әркім өзгерісті өзіннен бастау кергін айтты. Демек қоғамды өзгертуге жұрт өзі бас болып үлес қосу қажет.

КОРОНАВИРУС: ЕНДІ БЕТПЕРДЕ ТАҚПАЙМЫЗ

Енді бетпердені таққыңыз келсе, өзіңіз үшін тағасыз. Ешкім сізді міндеттемеді. Яғни көпшілік ортада, қоғамдық орындарда және ғимарат ішінде бетперде тағу міндетті емес.

Бұл жөнінде Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы аумағында коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссияның отырысында айтылды.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануын ескере отырып, ведомстваралық комиссия мынандай шешімдер қабылдаған. Оның ішінде үй-жайларда міндетті бетперде тағу талабын алып тастау.

Медициналық мекемелерде (персонал, қызметкерлер, пациенттер, келушілер) медициналық бетперде тағу міндетін өз күшінде қалдыру;

Адам көп жиналатын орындарда, қоғамдық көлікте, ұйымдасқан ұжымдарда маска тағуды ұсынымдық сипатта қалдыру;

Білім беру ұйымдарында оқушының кабинеттік жүйесіне рұқсат беру.

Бетперде шешілді деп босануға болмайды. Коронавирус инфекциясына қарсы егу науқаны ерекше бақылауға алыну керек және халық арасында сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Әлемді әуре-сарсаңға салған ахуалдан аман шығудың бірден-бір тәсілі бетперде тағу болды. Карантин талаптарын сақтамай маскәлдік режимді бұзған жандар айыппұл да төледі. Өзіміздің денсаулығымыз үшін бетімізді тұмшалап, маска тағуды міндет еттік. Екі жыл уақыт ішінде бетперде серігімізге айналды.

Бетпердені шешу бүкіл әлемді алаңдатқан індет елімізде азайғанын айта алмаймыз. Екі жыл ішінде халық үрейде болды. Пандемия біздің өмір салтымызды өзгертіп қана қойған жоқ, баршамамызға ең мықты нәрсе не екенін ұқтырды. Әр адам өзінің және жақындарының денсаулығы үшін алаңдалды. Елдік мүддені ортақ қойып, қауіпті індеттен аман-есен шығуды арман еттік.

Елімізде індеттің таралуы бәсеңдегенімен, арқаны кенге салып жүретін уақыт әлі келген жоқ. Емделіп жатқандар әлі де бар. Сол үшін де сақтық шараларын ұмпағанымыз абзал. Бетпердені шешіп, қуанып қалдық. Қалыпты өмірге оралатынымыз анық. Тек сол шылдасқа болғаны.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Айтолқын АЙТЖАНОВА

«Мақсатқа жету үшін әр адам өзгерісті әуелі өзінен бастасын. Жаңа Қазақстанды бірге жасаймыз». Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауындағы осы сөзі әрбір қазақстандыққа күш-жігер берері анық. Қазір елге түбегейлі реформалар қажет екені белгілі. Осы орайда қуатты мемлекет құру үшін нақты өзгерістер керек-ақ.

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы ел үшін жаңа бағдар болды. Еліміздің күрделі кезеңіндегі ел болашағының дамуына жасаған нақты қадамы еді. Қазақстан халқы бұл Жолдауды асыға күтті. Себебі ел ертені туралы айтылған үміт пен күдік Жаңа Қазақстанды жасау бағдарламасында айтылуы тиіс еді. Басқаша болуы мүмкін емес.

Президент жаңа Жолдауында ел ісіне, оның өркендеуіне дамуына, халық тұрмысына қажетті мәселелерге тоқталды. Елімізде саяси партиялардың біреуі емес

бірнеше болуы да маңызды. Халыққа қазмет етуде партиялар ісінде өзара бәсекелестік артып, еліміздің қарқынды дамуына ықпал етеді.

– Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады, – деді Президент Жолдауында.

2 БЕТТЕ



ЕСІМ ҚАҒЗАНЫҢ БӘРІН ТӨРТЕ ШЫҒАРУ МІНДЕТ ЕМЕС

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Ресей Украина жерінде «арнайы операциясын» бастаған тұста әлем елдері тұрмақ ресейліктердің пікірі екіге бөлінді. Бірі Мәскеудің бұл ісіне қолдау білдірсе, өзгесі Кремльдің әрекетін құптамады. Украинадағы қарулы қақтығыстың әсерінен бірнеше ел Ресейге жаппай санкция салды. Бұл шектеулер Ресейдің экономика, технология мен өндіріс секірі салаларына кері әсер етті. Рубльдің құлдырауынан бастап әлемдік серіктестерден айырылуы Ресей халқы алаңдатпай қоймайды. Сол себепті тұған жерін тастап, шетел асып кеткендер де жоқ емес. Осы мәселеге орай азаматтық «Қазақстан азаматтығын беру» туралы түрлі пікір айтылды.

2 БЕТТЕ



РЕСЕЙ-УКРАИНА: ЕУРОПА НЕ ДЕЙДІ?

Украина жерінде Ресей мен Украина әскерлерінің қақтығысы әлі де жалғасуда. Әлем елдері Ресейге қарсы бірнеше шектеу енгізе де Мәскеу тығырықтан шығу үшін барлығын жасап, шабуылды әлі де тоқтатпай отыр. Қантөгіске бүгінде күлді әлем назарын аударды. Осы орайда CNN арнасында Ресей мен Украина арасындағы соғысқа қатысты «Әлемдік көшбасшылар не дейді?» тақырыбында сағат сайын жарияланған жаңалықтар хроникасын ұсынулы жөн көрдік.



БҰҰ-ның мәліметі бойынша, Украинада қаза тапқан бейбіт тұрғындар саны 1000-нан асады. Бұл туралы бейсенбіде БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі жоғары комиссарының кеңесшісі мәлімдеген. «Бейбіт тұрғындардың көпшілігі үлкен аумақтағы жарылғыш заттардың, яғни ауыр артиллерия мен бірнеше зымырандық шабуылдардан, сондай-ақ зымыран мен әуе соққыларынан көз жұмған», – делінген кенсе хабарламасында. Хабарламада 1035 бейбіт тұрғынның өлімі туралы егжей-тегжейлі мәлімет берілген: «214 ер адам, 160 әйел, 14 қыз және 28 ұл бала, сондай-ақ жынысы әлі белгісіз 48 бала мен 571 ересек адам». Сондай-ақ кенсе хабарламасында шамамен 1650 бейбіт тұрғын жаракаттанғаны жазылған.

«Адам құқығы жөніндегі жоғары комиссариат негізінде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары деп есептейді. Өйткені кейбір қарқынды ұрыс аймақтарынан ақпарат кешігуде және көптеген есеп әлі де расталуын күтуде. Мәселен, Мариуполь мен Волновахадан, Изюмнен, Северодонецк пен Рубиженден, Стрельцнен ақпарат алу әзірге мүмкін болмай отыр», – делінген хабарламада.

НАТО-ның бас хатшысы Йенс Столтенберг Ресейдің әрекетіне жауап ретінде химиялық, биологиялық және ядролық қорғанысты күшейтетінін мәлімдеді.

«Біздің бас қолбасшымыз генерал Уолтерс НАТО-ның химиялық, биологиялық, радиологиялық және ядролық қорғаныс элементтерін іске қосты. Ал одақтасар бұл бұл қолда бар және жаңа қолдаушы топтарды нығайту үшін қосымша химиялық, биологиялық және ядролық қорғанысты орналастыруда», – деді ол журналистерге Брюссельде өткен кезектен тыс мемлекет және үкімет басшыларының жиналысынан кейін.

Ал Украинаның қарулы күштері арнаға Ресей көршілес Беларусьқа қару жеткізуде деп мәлімдеген. Украина ҚК-нің мәліметінше, бұл арқылы Ресей Киевті қоршауға бағытталған шабуылды бастауды жоспарлап отыр. Бейсенбі күні Украина әскері ресейлік күштер Қырымға да техникаларын жинап жатқанын айтқан. «Ресей әскері Украинаның басып алған аумақтарын ұстап тұрғу және қорғаныс операцияларын жүргізуге қолда бар қару мен құралдар жеткіліксіз екенін түсіне бастады», – делінген украиндық әскердің мәлімдемесінде.

АҚШ-тың Қаржы министрлігі Ресей Мемлекеттік Думасының жүзеге депутаттарына, ондаған ресейлік қорғаныс компаниясына және Сбербанктің бас директорына қарсы жаңа санкцияларды ресми түрде жариялады. Соның мәлімдемесінде Ресей парламентінің төменгі сатысы болып саналатын 450 орындық Ресей Мемлекеттік Думасының 328 депутатына санкция жарияланғаны, 48 ресейлік қорғаныс және материалды компаниялары Батыс технологиялары мен қаржыландыруынан ажыратылғаны және Сбербанктің басшысы Герман Грефке санкция салынғаны айтылды. Қаржы министрлігінің мәлімдемесінен кейін «Олар Кремльдің саясатынан жеке пайда көруде, сондықтан олар да ауыртпалықты сезінуі керек», – деп жазды Байден твиттерде.

Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстың жалғасып жатқанына бір айдан асты. Осы орайда Еуропа елдері соғысты тоқтатуға барынша тырысып бағуда. Мәселен, бейсенбі күні танертен НАТО басшылары Брюссельде төтенше саммитке жиналып, Ресейге қарсы жаңа санкциялар, сондай-ақ Украинаның қорғанысын нығайтуға бағытталған басқа да шаралар туралы жариялады. Алайда олар Украина президенті бірнеше рет көтерген ұсынысын, яғни Украинаның үстінде ушуға тыйым салынған аймақ құру өтінішін орындай алмайды. АҚШ пен НАТО шенеуніктері мұндай әрекет Ресей президенті Владимир Путинді араңдатып, Ресеймен соғыс ушығып кетуі мүмкін екенін бірнеше рет алға тартты.

Рим папасы Франциск әскери бюджетті ұлғайту мен санкция салу соғыстың шешімі еместігін айтты. Рим Папасы Ресейдің Украинаға қарсы шабуылды жалғасып жатқан тұста елдерді әскери шығындарын ұлғайтқаны үшін сынға алып, мұны «ақылсыздық» деп атады. Ол шпеленістің шешімі ретінде санкциялар мен қаруды жоққа шығарып, әлем «экономикалық, технократиялық және әскери күшке» бағынбайтын етіп басқару тәсілін өзгертуі керек деді.

«Шешім қаруларда, санкцияларда, әскери-саяси одақтарда емес, басқа көзқараста. Қазіргі жаһанданған әлемді басқарудың басқа тәсілінде. Мінез көрсетпей, қалыптасқан халықаралық қатынастарда біріккен бағытта болуда. Құдайға шүкір, конверсия үлгісі бұрыннан бар, бірақ, өкінішке орай, ол әлі де экономикалық, технократиялық және әскери күшке байланысты», – деді Рим Папасы.

Енді Ресей не істемек? Арна тілшісі Арна Деван бұл сұрақтың жауабын зерттеп көрген. Соғыстың басталғанына бір ай өткеннен бүгінде ресейлік әскердің шабуылы бәсеңдей бастаған. Дегенмен тілші алдағы бір аптада кей нәрселерге көп назар аударуды ұсынады. Мәселен, оның пайымдауынша, Ресей бомбалауды күшейтіп, нәтижесінде әскер шығынын мейлінше қысқартуы мүмкін.

«Ресейдің әскери күш-жігері бәсеңдеп қалды деген көп қауесет бар. Алайда мұның шындық екенін білу үшін Мәскеу бірінші кезекте қандай мақсаттарды көздегенін табу керек. Ал бұл туралы нақты айту қиын», – деп жазады тілші.

Ресейдің Киевке ілгерілеуіне көп көңіл бөлініп жатқанымен, Украина армиясының басым бөлігі Донецк пен Луганск маңында қалып отыр, олар бірлескен күштер операциясы аясында топтастырылған әскерлерді бақылау мақсатында көптеп жиналуда. «Оңтүстік әскери округ – Донецк, Луганск, Мариуполь, Бердянск, Мелитополь Ресей армиясына шабуылдауға ең ыңғайлы жерлер және бұл аймақ қашанда жұмыс істейді. Олар НАТО-ға қарсы тұру үшін жасалған», – деді Корольдік Біріккен Қызметтер Институтының зерттеушісі Крэнни-Эванс CNN-ге берген сұхбатында.

4 БЕТТЕ



Сонымен қатар онда айтылған жайлардың маңыздылығын әрі олардың бір-бірімен үйлесе орындалу қажеттілігін атап айтты. Оның ішінде елдегі саяси жүйені кешенді дамыту, парламент жұмысының ролін арттыру, президент өкілеттігін азайта отырып, төменгі палата құзыретін кеңейту қажеттігіне тоқталды. Мәслихат жұмыстарына ерекше мән беру мәселесі де назардан тыс қалмады.

– Биылғы Жолдаудың елдің болашақ дамуы үшін мәні мен маңызы айрықша. Қазақстанды түбегейлі жаңғырту ісін жана қарқынмен жалғастыру айтылды. Тоқырауды жасамаздыққа ұластыру үшін барлық саланы жүйелі жаңғырту керек. Осы ретте Жолдауда еліміздің саяси жүйесін жаңғыртудың елең-екшеген реформалары ұсынылды. Әліл әрі ашық бәсеке елді демократияландыруға ықпал етіп, мемлекеттің тұрақтылығын бекемдеуге бағытталмақ. Ел Президенті енді саяси, экономикалық монополияға жол берілмейтінін қадап айтып, келесідей тарихи реформаларды ұсынды:

Президенттің қандай да бір партияның мүшесі болуына бұдан былай жол бермеу. Осы ұстаным Орталық сайлау комиссиясының, Конституциялық Кеңестің, Есеп комитетінің мүшелеріне де қатысты.

Өкілді билік тармақтарын қайта құру. Мұндағы мақсат – Парламенттің беделін арттыру. Заңдарды тек Мәжілістің қабылдауы, республикалық бюджетті бақылауын күшейтуі – осы Палатаның құзыретін кеңейтудің бірегей қадамы.

Облыстық мәслихаттардың, республикалық бағыныстағы қалалық мәслихаттардың төрағасы лауазымын ендіру, аталған мәслихаттарға бекіту үшін Президент тарапынан облыс әкімінің баламалы кандидатураларын ұсыну – шын мәнінде революциялық өзгерістер.

Сондай-ақ әлемдік озық тәжірибеге сай сайлау жүйесін жетілдіру және партиялық жүйені дамыту. Бұл қадамдардың

Басы 1-бетте

барлық партиялардың мүддесіне қызмет ететіні сөзсіз. Президент қабылдаған шешімдер халықтың жағдайы үшін жасалатын жұмыстар екенін ұғыну керек. Жана Қазақстан құрудағы бұл Жолдау халқымыздың жарқын болашағына деген сенімін еселей түсті, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, қалалық мәслихат депутаты Бейбіткүл Қаримова.

Халыққа жаңа міндет жүктелді. Жаңа Қазақстан құруды халық болып бірге қолға алу қажет. Осы тұрғыда жастар өздеріне артылар сенімнің нық екенін түсінгендей. Президент тапсырмалары мен бастамасын қолдап, бірлесіп жұмыс жасау парыз деп біледі.

– Жолдауда тың мазмұнға не жаңа бағыт бар. Жаңа леп, жаңа көзқарас, жаңа қадам, жаңа кезең – мұнда сенімді көзқарас, нақты мүмкіндіктердің бары аңғарылады. Жолдауды біздің қоғамның келешек мүмкіндіктері мен мемлекеттің ұлы мұратын айқындауға бағытталған саяси салмағы басым құжат деп қарағанымыз ләзім. Ел Президентінің бастамасына азаматтық үнімізді қосып, Жаңа Қазақстанды жаңғырта отырып, жанарту жолында бірлігімізді көрсету бабалар аманатын ұлықтау деп білемін. Президенттің «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру» деген сөзінен еліміздің жарқын болашағын, нық қадамдарын, қарышты дамуын көруге болады. Мемлекетіміз сол ұлы мұратқа жетуде біз аянбай жұмыс жасауға міндеттіміз, – дейді Рухани жаңғыру орталығының директоры Мақсат Дауылбай.

Болашағын бүгіннен ойлайтын ел қашанда стратегиялық маңызды мәселелерді және оны шешудің жолдарын күн тәртібіне шығарып отырады. Президент Жолдауы – соның айғағы. Саяси құжатта ел дамуының бағыт-бағдарын айқындап, алда тұрған аса маңызды міндеттерді саралап берді. Жолдау әрбір қазақстандықтың жүрегіне жол тапты. Бұл – нақты қимыл-әрекетке бастайтын Жолдау. Олай болса, бүкіл қоғам болып ұйысып, мақсатты түрде қимыл-қарекетке, өзгеріске кірісуі қажет.

ЕСІК ҚАҚҚАНЫҢ БӨРІН ТӨРТЕ ШЫҒАРУ МІНДЕТ ЕМЕС

Қазақстандықтар шетелден келгендерге Қазақстан азаматтығын беруді қағандатуды талап етіп, әлеуметтік желіде жаппай жазба жариялауда. Бірі «бізге шетелдік азаматтар керек емес» деп ұрандатып, өзгесі «жұмысымызды тартып алады, қоғамға кері әсерін тигізеді» дейді. Мұндай пікірдің болуы заңды еді. Себебі ешкім өз еліне шетелдік азаматтық алып шалқып-тасып жүргенін қаламайды. Ал ресми статистика не дейді?

Негізінен ресейліктер көбіне Германия, АҚШ пен Канадаға көшуді қош көреді екен. Ең алдымен, бұл елдерде тұруға рұқсат немесе азаматтық алу оңайлар. Одан бөлек, еуропа елдерінде экономика әлдеқайда жоғары. Өмір сүруге де қолайлы жағдай жасалған. Мәселен, «Левада-центр» зерттеу ұйымының пайымдауынша, 2022 жылы ресейліктердің 15 проценті өзіне және отбасына қолайлы жағдай, онтайлы миграциялық заң мен жоғары экономика себеп. Мәселен, «Хабар 24» арнасына пікірін білдірген ресейлік азамат Қазақстанның болашағына сенетінін алға тартқан. «Соның уақытқа дейін Москвада тұрдым. Бірақ өткен аптадан бастап Алматы қаласының тұрғынымын. Мен Қазақстанның жарқын болашағына сенгендіктен көшіп келдім және қазір Ресейден гөрі осы елдің болашағына сенемін. Қазіргі кезде Қазақстан бұрынғы КСРО елдерінен Ресейден кейінгі ең бай мемлекет», – дейді ресейлік мигрант Н.В.Новиков.

Ол өз сөзінде шекара жабылуы мүмкін деп қорыққанды да жырдырмады. Дегенмен ол Қазақстанға түпкілікті көшіп келмегенін, ахуал бірқалыпты күйге түскенше бір-екі ай осында күте тұруға бел бұған. Ал заңда қалай?

Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңының 6-1 бабы бойынша Қазақстанда уақытша тұруға рұқсат отбасын біріктіру мақсатында, заң жүзінде еңбек шартын жасасқан, білім алу немесе ем қабылдау, діни миссионерлік және кәсіпкерлік қызметті атқару мақсатында келген азаматтарға беріледі. Сондай-ақ олар визаның қолданылу мерзімі аяқталған дейін көшіп келушілер Қазақстан жерінен шығуға міндетті.

Ал Қазақстан азаматтығын алуға қоғамдық пікірдің айтылуы мәселе ретінде қарастырылуы шарт. Қазақстанның «Азаматтық туралы» заңында кімдер азаматтық ала алатыны ашық көрсетілген. Мысалы,

Басы 1-бетте

ата-анасы шетел азаматтары болса, бала Қазақстан территориясында туғанына қарамастан азаматтық ала алмайды. Ал ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала Қазақстанда дүниеге келсе немесе шетелде туғанымен ата-анасының біреуінде Қазақстан тұрғылықты жері болса, азаматтық ала алады.

Осы заңның 15-бабында «Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өздерінің өтінішхаттары бойынша осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануы мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштер бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды» делінген. Президент қабылдайтын өтініш жазудың да өзіндік шарттары бар. Мәселен, ҚР азаматтығын алу үшін ол азамат заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын немесе Қазақстан Республикасының азаматымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданады.

Бүгінде көпшілік «Азаматтық алу» туралы заңды қағандатуды сұрап жүр. Мұның мәнісі – «Азаматтық туралы» заңның 16-бабында. Бұл бапша Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі – баласы, зайыбы және ата-анасының біреуі, апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан қабылданатын болады» деп ашық көрсетілген. Алайда барлық ресейліктердің Қазақстанда тұрақты бар деуге келмейді. Сондықтан бұл заң аясында қазақ жеріне ресейлік мигранттар көптеп келіп, азаматтық алады деу көңілге қоныссыз.

Ресейге салынған санкциялардың бір ұшы бізге де тигені рас. Бүгінде үкіметтегілер экономиканы жақсарту мақсатында бірнеше шараларды қолға алды. Бұл орайда қазақстандықтардың жұмыс орнын шетелдіктерге бермеу маңызды. Бұл мәселеге қатысты еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов көптің көңіліне сенім ұялатқандай болды.

«Біз қазір нарықтағы жағдайды мұқият бақылап отырмыз. Бірақ дәл қазір мұндай жаппай ағын, яғни ресейлік азаматтардың бізге келіп жұмыс істеуі байқалмайды. Өзірге мұндай болжам жоқ. Алайда жағдай күн сайын өзгереді. Біз мониторинг жүргізіп отырмыз», – дей келе министр ресейлік мамандар Қазақстанға жаппай ағылса, тиісті шаралар қабылданатынын сендірді. Мәселен, жұмыспен қамту орталықтары бірінші кезекте қазақстандықтарды жұмысқа орналастырады.

Ал Ресейлік азаматтарға Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өзгіре билік тарапынан ешқандай жаңалық жоқ. Қолданғысты заң бойынша бүгін-ертең көшіп келгендердің азаматтық алуы екі-талай. Алайда билік «Азаматтық» туралы заңды одан әрі қағандатса дәл қазіргі жағдайда көптің көңілінен шығары анық. Бастысы азаматтықты әркім алмаса...



Әр уақыттың өз талап-тілегі бар. Цифрлы дәуірде жұрт жаңа технологияны меңгеруге көшкен. Себебі электронды қызмет – уақыт талабы. Осы қызмет арқылы үйде отырып-ақ жұмыстарды бітіре беруге болады. Уақыт үнемдейтін тиімді тәсілді үйренуге халықтың ынтасы зор. Қазіргі уақытта халыққа көрсетілетін қызметтің басым бөлігі цифрланған. «Қалалық жұмыспен қамту орталығы» электронды қызметке көшкен. Қала тұрғындары цифрлы қызмет түрін пайдаланып, уақыт талабынан қалмауды жөн көреді. Бұл жөнінде «Қалалық жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Жақсылық Төлегенов айтып берді.



ЦИФРЛАНДЫРУ: МЕКЕМЕ ЖАҒАЛАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

– Орталық халыққа қандай қызмет көрсететінін айтып өтсеңіз?

– Жұмыспен қамту орталығы арқылы азаматтарға жұмыс іздеуші және жұмыссыз ретінде тіркелу, жұмыссыз ретінде анықтама алу, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жолдама беру, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмек алушыларға анықтама беру туралы мемлекеттік қызмет көрсетеді.

– Бүгінде тұрғындар бұл қызметті мекеме жағаламай, үйде отырып-ақ ала алады. Бұл цифрландырудың игілігі. Осы орайда электронды қызметті қалай пайдаланатыны жөнінде айтсаңыз?

– Бұл қызметтерді орталыққа келіп, кезек күтпей, үйде отырып-ақ алуға болады. Ол үшін интернетке қосылу компьютер мен жеке электронды цифрлы қолтаңба болса жеткілікті. Электронды үкімет (egov.kz) және электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) веб порталдары арқылы қызметтер қолжетімді.

– Электронды үкімет порталы арқылы жұмыс іздеуші онлайн сұраныс қалай береді?

– Сұраныс беру шарты оңай. Алдымен egov.kz веб порталындағы жеке кабинетке кіреді. Содан кейін басты беттегі «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамтылу» бөліміне өтіп, «Жұмыссыз ретінде тұлғаларды тіркеу» қызметін таңдайды және қызметке «Онлайн сұраным» жібереді. Өтініш беруші 4 қадамнан өту

керек. Бірінші қадам – жеке мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізу және жұмыспен қамту орталығын таңдау. Екінші қадам – деректерді толықтай толтыру. Үшінші қадам – ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қою, төртінші қадам – мәртебесін қадағалау

Электронды үкімет веб порталы арқылы жіберілген сұраныс азамат көрсеткен жергілікті жұмыспен қамту орталығына келіп түседі және 1 жұмыс күні көлемінде жауап беріледі.

– Орталық арқылы тұрғындарға тиімді қандай қызмет түрлері бар?

– Жұмыссыздық анықтамасы электронды үкімет (egov.kz) порталы арқылы қолжетімді. Қызмет көрсету уақыты – 20 минут. Сонымен қатар жұмысқа тұруға жәрдемдесу үшін жолдама беріледі. Бұл қызметке 1 күн ішінде жауап қайтарылады.

Өтініш бірнеше мемлекеттік органдардың автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне жіберіледі және тіркелу мүмкін болған жағдайда порталда жұмыс іздеуші толтыруы тиіс сауалнамалық бет пайда болады.

Азамат тарапынан толық мәлімет берілгеннен соң электронды цифрлық қолтаңба көмегімен «Жұмыс іздеуші азамат» ретінде тіркеледі, 3 жұмыс күні ішінде портал арқылы жұмыс іздеушіге лайықты жұмыс ұсынылады. Жұмыс орны табылмаса, азаматқа «Жұмыссыз» мәртебесі беріледі. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының салымшысы саналатын

жұмыссыз мәртебесі бар азамат жұмысынан айырылуына байланысты тағайындалатын әлеуметтік төлемге өз өтінімін қалдыруына және жұмыспен қамтудың белсенді шараларын таңдауға мүмкіндігі бар.

– Жұмыспен қамту орталығында жыл көлемінде қандай жұмыстар атқарылды?

– Жыл басынан бері қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндігін 3073-тен астам адам пайдаланып үлгерді. Оның ішінде 2466 азамат жұмыссыз мәртебесін алды. Ал 584 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Сондай-ақ 1869 азамат жұмыспен қамтудың белсенді шараларына жолданса, 662 жұмыссыз адам жұмысынан айырылған жағдайда тағайындалатын әлеуметтік төлем түріне ие болды. Сонымен қатар орталық тарапынан өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы жасалып, 3 компьютер қойылған. Осыған орай, қалалық жұмыспен қамту орталығының мамандары қызмет алушыларға жәрдем көрсетуде. Электронды қызмет алууды біз әрбір келушіге насихаттаудамыз. Бұл жұмыс нәтижесін беріп, оң өзгерістер бар. Алдағы уақытта заман талабына сай электронды қызметтің ауқымы кеңейі түседі деп ойлаймын. Тұрғындардың үйде отырып, жұмысын тез бітіретін қызметтің тиімді тәсілін үйренуге ынтасы зор.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚР Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулысы негізінде Ақжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның ХАТТАМАСЫ

Ақжарма ауылдық округі

14 наурыз 2022 жыл сағат 10:00

Жиналыс төрағасы: Ж.Алиев – Ақжарма ауыл округінің әкімі
Жиналыс хатшысы: А.Дүйсенбаева – маман
Жиналысқа қатысқандар: Қоғамдық кеңес төрағасы, ардагерлер кеңесінің төрағасы, Талдыарал елді мекені тұрғындары.

Барлығы – 30 адам.

Күн тәртібінде:

1. Ақжарма ауыл округіне қарасты Талдыарал елді мекеніндегі атаусыз көшесін – Сим Владимир, атаусыз көшесін – Қоңырбаев Темірхан, атаусыз көшесін – Мәжитов Мұсылманбек, атаусыз көшесін – Жанатаев Бағылан көшесі деп атау беру туралы.

2. Пікір алмасу.

Тыңдалды:

Жиналысты Ақжарма ауылдық округінің әкімі Ж.Алиев ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

Ақжарма ауылдық округінің әкімі Ж.Алиев: Бүгінгі жиынның күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулы талаптарын сақтай отырып, Ақжарма ауыл округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып, Талдыарал елді мекеніндегі көшелерге атау беру және қайта атау туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімеді:

1) атаусыз көшесін – Сим Владимир есімімен;
2) атаусыз көшесін – Қоңырбаев Темірхан есімімен;
3) атаусыз көшесін – Мәжитов Мұсылманбек есімімен;
4) атаусыз көшесін – Жанатаев Бағылан есімімен қайта атау және атау беру туралы ұсынысын айтты.

Ақжарма ауылдық округінің Талдыарал елді мекені тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің тарихи жер-су атаулары мен тұлғалардың еңбек жолдарымен танысып жанадан атау беруге келіп түскен ұсыныстарға толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан шешім етті.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлғалар мен жер-су атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын.

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл әкімі Ж.Алиевтен сұралсын.

Жиналыс төрағасы:
Жиналыс хатшысы:

Ж.АЛИЕВ
А.ДУЙСЕНБАЕВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР «Табиғи монополиялар» Заңының 25-бабы 6-тармағына сәйкес «Қызылорда жылы электрорталығы» МКК-ны 2022 жылдың 22-ші сәуірінде сағат 11:00-де Марал Ишан көшесі 1-де орналасқан осы мекеменің мәжіліс залында 2021 жылдың жылы энергиясын өндіру, бөлу және беру, жабықтау қызметі бойынша тыңдау есебінін тұтынушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өткізілетінін хабарлайды.

«ҚЖЭО» МКК әкімшілігі

ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ НЕДЕ?

«Дүниенің тұтқасы – еректе, кілті – әйелде» демекші, қоғамда әйелдің орны ерекше. Балалар әдебиетінің классик жазушысы Бердібек Соқпақбаев: «Әйел затын, жалпы нәзік деп атайды ғой. Бос сөз. Мықтының ең мықтысы, көнбістің ең көнбісі әйелдер екеніне мен кіммен де дауласуға бармын», – деген екен. Расында, біздер мықтымыз ғой. Мұны еркектер қауымы да әлдеқашан мойындап қойған.

Әйел – ана, әйел – жар. Бір сөзбен айтқанда, әйел – отбасының ұйытқысы. Ер азамат үйдің егесі болса, әйел үйдің шегесі. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Қарап отырсақ, қазір арамызда үйде бала-шағасына қарап, үй тірлігімен ғана айналысатын әйелдер аз. Керісінше, қыз-келіншектер үйдің де, түздің де жұмысын істеп, бәріне үлгеріп жүр. Тіпті ағайын-туысқа да қызмет етіп, өзіне қарауға да уақыт бөледі. Қысқасы, қазіргі әйел бейнесінің қыры көп. Бірақ олар қоғамда, отбасында өздерін бақытты сезіне ме? Жалпы әйел бақыты неде?

Отбасы шағын мемлекет болса, сол мемлекеттің шаруасын үйіріп өкететін – әйел. Алайда бүгінгідей әлеуметтік проблемалар көбейіп, елді қымбатшылық қысып, әлемді үрей мен қатгездік билеп жатқан тұста әйелге көп салмақ түседі. Олай дейтініміз, қоғамда жалқау күйеуін асырайтын әйелдер, жалғызбасты аналар, тұрмыс құрмаған кәрі қыздар көбөуде.

Қазір қай әлеуметтік желіні ашып қалсаң да, өмірден шаршаған, түңілген әйелдердің жазбасынан көз сүрінеді. Олардың бәріне әлеуметтік көмек керек. Иә, болмаса, ақыл сұрайды. Бүгінде арамызда жолдасы жұмыссыз, шеттей бала-шағасы бар, басында баспанасы жоқ, бірнеше несиелі өмірден қажыған әйел көп. Бұл – өмір шындығы. Бірде «Instagram» әлеуметтік желісінде оқырманнан көмек сұраған келіншектің хатын оқыдым. Жолдасының тұрақты жұмысы жоқ, балалары киінетай. Өзі бұған дейін бірнеше жерде жұмыс

істеген. Тапқан ақшасы шайлығынан ауыспайды. Қысқасы, әлгі әйелге жан-жақты көмек керек. Бұл біз айтып тұрған бір ғана мысал. Тағдыр тауқыметіне түскен қаншама қыз-келіншек бар. Бәріне топырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен жасыратын несі бар, қазір артық жұмыс істегісі келмей, әйелінің тапқанын жеп отыра беретін еркектер көп. Бұл жерде әйелдің бірін-біріне соғып, жеткізе алмай ел кезіп шарылдап жүргенін көресіз. Алайда оған жаны ашып жатқан еркек жоқ. Міне, әйелге деген жанашырлық пен қамқорлықтың жоқтығы оларды бақытсыз етеді.

Егер отбасында ері таманын тауып, күндіз-түні еңбек етсе, әйел бала-шағасына қарап, бақытты өмір сүрген болар еді. Бірақ оны жатыпшы еркектер түсінгісі келмейді. «Әйелдің бақыты – отбасы». Десе де бала-шағасын баға алмай, жұртқа жағдай айтып жүрген әйел ешқашан да өзін бақытты сезінбесі анық.

– Өмір ақ пен қарадан тұратыны сияқты, қуаныш пен қиындық та қатар жүреді. Бұл заңдылық. Әлі талай қуанышты күндер мен бақытты сәттердің күтіп тұрғанына сену керек. Соған ұмтылу керек. Қиындықтың бәрін өзіне қабылдай бермей, алға сұмырылып шығып, ел қатарлы өмір сүре білген жөн. Өмірден түңілуге болмайды. Керісінше әлі де бақытты боламын, қолымнан бәрі келеді деп өз-өзін жігерлендіру қажет. Өйткені қоғамда сізден де бақытсыз жандар өте көп. Сондықтан біржақты көзқарасты ұстануға әсте болмайды. Өмір күрестен тұрады. Бәріне жақсы жағынан көре білу керек. Өзін босқа кері тартпау керек. Өмірден жалыққан кезде, кемтар, мүгедек, жетім жандар жайлы ойла. Солар туралы бағдарлама көр. Өзінді солармен салыстыр. Байқасаңыз, олар қандай қиындық көрсе де өмірден түңілмейді. Керісінше алға қарай ұмтылып, бәріне құштар болады. Адамдармен ерқашан күліп сөйлеседі, әр нәрсеге араласып қолынан келгенінше көмек көрсетуге дайын тұрады. Осыдан кейін сенің әлеуметтік, қаржылай қиындығың түкте емес. Әйелдің бақыты ерінің ризашылығы мен баласының күлкісінде емес пе? Біз үшін одан асқан қандай бақыт бар? Әр адамның бақыты өзінің ойынан құралады. Ендеше, жақсы ойлап, жақсы нәрсеге ұмтыла білейік, – деді №3 қалалық емхана психологы Гүлдана Садықова.

Бүгінде мықты әйелдер де көп. Олар жолында қандай қиындық кездесе де мойымай, өмірлік тәжірибе арқылы мықты



әйелге айналуда. «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген тәмсіл бар. Мұның астарында әйел адамның кез-келген ауқымды істерге араласа алатынын, үлкен нәтижеге қол жеткізетінін аңғаруға болады. Себебі қоғамның түрлі саласында жетістікке жетуіне әйелдің де үлесі зор екені белгілі. Елімізде әр сала бойынша табысты, сымбатты, жетістікке жеткен әйелдер көп. Бірақ бір өкініштісі, қазір қоғамда зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің құрбаны болған әйелдер де жетерлік. Елімізде заң бойынша ана мен бала құқығы қанша қорғалса да, мұндай келенсіздіктер әлі күнге жойылмай келеді. Нәтижесінде күйбең тірлікпен жүріп, өзін бақытты сезінетін нәзік жандар азаюда...

Бұл пікірімізбен ер-азаматтың барлығына топырақ шашу ойымызда жоқ. Мейірімді ата, жақсы әке, адал жар, қамқор аға, елгезек іні, айналасыңа қол жеткізіп кеткен жоқ, айналасыңа толып жүр. Бір қарын майды шірететін құмақ сыйды ер еркектердің көбейіп бара жатқаны ғана көңілге қау түсіреді. Бұл мәселе ұлттық проблемға айналып кетпей тұрғандықтан алдын алу керек. Себебі қыз-келіншектер қашанда әдемі болып құлпырып, бақытты болып жадырап жүруге әбден лайық жандар.

ҚУАНСА, АНА ҚУАНСЫН, ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!

2022 жылдан бастап көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдерімен жалпы сомасы 54,4 млрд теңгеге орта есеппен 490 мың отбасы қамтылды, оның ішінде ақпан айында 492,5 мың отбасы жалпы сомасы 27,3 млрд теңге жәрдемақы алды. Аталған мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын қамалетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері балалардың санына байланысты сараланып төленеді. Атап айтсақ, 49100 теңгені (4 бала), 61383 теңгені (5 бала), 73666 (6 бала) теңгені, 85948 теңгені (7 бала), 8 балаға – 98016 теңгені, 9 балаға – 110268 теңгені, 10 балаға – 122520 теңгені, 11 балаға – 134772 теңгені, 12 балаға – 147024 теңгені, 13 балаға – 159276 теңгені, 14 балаға – 171528 теңгені, 15 балаға – 183780 теңгені, 16 балаға – 196032 теңгені немесе әр балаға 12252 теңгені құрайды. Еске сала кетейік, көпбалалы отбасыларға олардың кірістерін есепке алмай берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты шеңберінде енгізілді.

мырмыз сәлем салу салты жойылудың сәл-ақ алдында. Тіпті ол жақтың кейбір жас келіндері үлкенге сәлем салмақ түгін, мұндай дәстүрдің бар екенін де білмейді.

Ал сәлем салу қимдік босағалыды? Үлкендердің айтуы бойынша, күйеуі бақилық болған келіндердің сәлем салу салтынан босатқан. Ондағы мақсаты – «Келіннің ендігі жерде басы иілмесін! Жүзі төмен қарамасын! Қызымыздай болсын!» деп көрсеткен ақ көңілді ниеті. Сондай-ақ ата салтымыз бойынша жүкті әйелге иіліп сәлем салмауына рұқсат еткен. Әсіресе, әулеттің үлкендері, қайың ағалары аяғы ауыр келіннің көзіне көрінбеуге тырысып, маңынан алыс жүруге тырысқан. Өйткені олар алдымен жүкті келіндерін ыңғайсыз жағдайға қалдырмауды ойлаған. Әрдайым сәлем ілдіріп жүрген келін бір жағынан иілмеуге қысылды, ұялады. Ал екінші жағынан, күйеуінің бауырлары ондай сәтте келінге келіп деп емес, болашақ ана деген көзқараспен қарап, құрметін солай көрсеткен.

«Сәлем сөздің – анасы». Ендеше, лайым сәлеміміз түзу болсын.



СӘЛЕМ САЛУ САЛТЫ ҒОЙ БҰРЫНҒЫНЫҢ...

Соңғы жылдары елімізде жана түскен келіндердің сәлем салуы көп талқыға түсіп, түрлі пікірлер айтылуда. Десе де олардың әрқайсысының өзіндік орны мен ерекшелігі бар.


Қазақ халқы қашанда сәлем салуға үлкен мән берген. Өйткені оның маңыздылығын тереңінен түсінсе керек. Жана түскен келіннің ең бірінші міндеті осыдан бастау алған. Қайын жұртына деген құрметін осылайша білдірген. Жас келін үй-келіндеріне күнделікті сәлем салып, ибалық танытқан. Ал олар «бақытты бол», «өркенің өссін», «қосағыңмен қоса ағар», «ұл тап» деген жылы сөздерін айтып, ақ батасын берген.

Алайда бұл дәстүр көп жерлерде ұмыт болып бара жатқандай. Себебі қазір сәлем салдыратын үлкендер азайып барады. Көбі «Келінімді өз қызымдай көремін» деп орнамал тақтырмайды. Сәлем салдырмайды. Әрине, мұндайға жас келіндер қуанбаса, еш реніш білдірмесі анық. Десе де келіннің аты келін емес пе?

Өкінішке орай заман ағымына еріп, салт-дәстүрдің тереңіне бойламай, мағынасын түсінбей, арамызда қателесіп жүрген жандар да бар. Олай дейтініміз, жанашыл көзқарас сәлем салуды құп көрмейді. Ескінің ұстанған салт-дәстүрі деп қарайды. Сонымен қатар біздің өңірде үлкен астан кейін тамақ алғанда сәлем беретін жақсы үрдіс қалыптасқан. Бірақ оны басқа жақтан келген қазықтар түсінбей жатады. Сәлем салу – әдептіліктің белгісі. «Сәлем түзелмей әлем түзелмейді» деп қазақ атам бекер айтпаса керек. Ол үлкен тәрбиенің қайнар көзі. Қазақтың әрбір қызы осындай әдет-ғұрпыты көзінші қарашығындай сақтау қажет. Өйткені мұндай құндылықтарды ертенгі ұрпаққа сол қалпында жеткізу – басты міндет.

– Біздің кезімізде ата-анамыз қыздың тәрбиесіне қатты мән беріп, «қызды қырық үйден тыю» деген нақылды беріп ұстанды. Мен ата-енемнің босағасын келін болып аттағанымда небәрі 17 жаста болдым. Бүгінде отағасы екеуміз 6 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қыяға қондырдық. Қазір олардан 35 немере, 16 шөбере сүйіп отырмыз. Әлі күнге дейін қайын жұрттағы үлкендерді көргенде орнымнан ұшып түрегеліп, сәлем беремін. Құдайға шүкір, өзімнің 6 келінім бар. Бәрі де бір үйдің баласындай тату-тәтті, ауызбірлігі бекем. Салт-дәстүрді берік ұстанатын біздің өңірде келіндік міндеттің жауапкершілігі зор. Оларға үнемі үйге келген қонаққа сәлем салуды, күліп қарсы алуды айтып отырамын. Қазіргі кезде жас еңелер өздерін үлкен көргісі келмейді. Сол себепті сәлем салдырмайды. Жас келіннің үйдегі орнын түсіндірмейді. Осыдан келіп, арада босекелік пайда болады. Бір-

Балаға дұрыс тәрбие беру – атаның міндеті. Бірі баланы шектен тыс ерке етіп өсірсе, бірі жауапкершілігін ояту үшін тым қатал әдістерді қолданады.



Балаға қай жаста нені үйрету керек?

3 жас. Үш жасынан бастап балаға өз затының иесі екенін түсіндіріп, жауапкершілігін оятыңыз. Осы кезден балаға өз ойыншықтарын жинауды, жоғалтпауын талап етіңіз. Үш жасынан бастап бала танытқан өз беті-қолын жуып, тісін тазалау керек. Сонымен қатар заттарды алып беріп, көмектескен еңбегін бағалап, мақтау айтыңыз.

4 жас. Өзі киініп-шешінуі керек. Баланың ұзақ киінгенін сынап, өзінің киіндіріңіз. Бала өзін қабілетсіз сезінеді. 4 жасар балаға төсек орнын жинауды, ыдысты орнына, киімдерді кір жуғыш машинаға салуды талап етіңіз. Ас әзірлеген кезде балаңыз қызықса, жұмыртқа жару, т.б. қарапайым заттарды істеуге рұқсат беріңіз.

5 жасар бала не білу керек?
Үй жинауға көмектесу;
Дүкеннен нан сатып алу;
Аяқ-киім бауын байлау;
Дастархан жаюға көмектесу;
Осы кезде бала өз киімін жинап, орнын білу керек.

6 жасында не істегіміз?
Шансорғышпен кілемді тазалап шығу;
Гүлдерге су құю;
Қоқыс төгіп келу;
Бұл уақытта балада өзіндік көзқарастар пайда болады. Балаға өз киімін өзі таңдауға рұқсат беріңіз. Оның таңдауын ешқашан сынамаңыз. Тек ауа райына сәйкес келмейтін киімдер болса, ескерткеніңіз жөн.

7 жасар бала. 7 жасында бала мектепке барады. Сол жауапкершілікті сезініп, оқушы екенін түсіну керек. Ерте жатып, ерте тұру, күн тәртібін құруды үйретіңіз. Өзінен кейін орнын жинап жүруін талап етіңіз.

8-9 жасында нені білу керек?
Еден жуу;
Өз киім сөресін жинау, ретке келтіру;
Инени қолдана білу. Ине-жіп сабақтау, ілгекті атаға қалау;
Ваннаны жеке өзі қабылдау, суға түсу;
Осы кезден бастап ол өзінен кіші бауырларына қамқор болып, ата-анасы үйде болмаған кезде де бас-көз болу керек. Бала дастархан басындағы әңгімелерге қосылып, өз пікірін айта алады. Оның пікірі маңызды екенін білдіру үшін тыңдап отырыңыз.

9-10 жас. Балаға сыртқы ортамен байланыс ауадай қажет. Осы кезеңде бала жолдан өзі өте алу керек. Жол ережелерін толық біліп, оны іс жүзінде қолдана білгені абзал. Алғашқы көмек көрсету шараларын біліп, маңызды нөмірлерді білу керек. Мәселен, 103 – жедел жәрдем, 101 – өрт сөндіру, тағы басқа сияқты.

10-11 жас. Бала автобуспен жүре алу керек. Оған адаспай, қай автобус қай жерге баратынын айтыңыз. Адамдардан ұялмай сұрауын өтінізіңіз. Үйде өзі қалудан қорықпасын. Қорқынышымен бірге күресіңіз. Осы кезде баланың қолына ақша ұстата бергеніңіз абзал. Ол өз ақшаларына ие болып, орынды жұмсай алу керек. Жеке хоббиларына жауапкершілікпен қарауын талап етіңіз. Қызығушылығын бағалаңыз.

11-12 жас. Ас үй пешін қолданып, оны таза ұстау керек. Ата-анасына көмектесу керек екенін түсіндіріңіз. Өз ісіне яғни сабағына өзі жауапты болып, өзі оқысын.

13-17 жас. Бұл баланың өтпелі кезеңі. Олар жеткіншекке айналады. Психологияға мән берген жөн. Ол өзгерісті байқамай бала деп қабылдамаңыз. Осы кезеңде бала өзіне қатысты мәселенің шешімін қабылдай алу керек. Сонымен қатар ата-анасы жоқ кезде өзін үлкендердің орнына қоя алады. Тамақ істей білу керек.



Бетті дайындаған
Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Бүгінде балаға базарлық іздеп әлек болмайсыз. Сауда орындарының сөрелерінде самсап тұрған ойыншықтар көздің жауын алады. Үлкені, кішісі, сүйкімдісі, сұрықсызы, қаттысы мен жұмсағы да бар. Алыстан көз тартатын үлкен ойыншықтарға құмар бала түгелі, ересек адамдардың өзін еріксіз баурап алады. Сондай-ақ ата-ана аянып қалсын ба, бірі-бірінен асып түсетін қызылды-жасылды дүниені қалтасы көтергенше алып, аркаланып шыға келеді. Баласы үшін ешкім аянып қалмайды ғой. Әрине, ата-ана үшін бұл дүниенің қуанығын көруден асқан бақыт жоқ. Дегенмен, кейде сол ойыншықтардың ата-аналар үшін тым үлкен мәселе болып жататыны тағы бар.

Келмеді. Сонымен қатар 2 үлгісінен формальдегидтің шамадан тыс мөлшері анықталса, 1 ойыншық қауіпсіздік көрсеткіші бойынша, яғни үлгінің қолжетімді жиектері өткір және бұдырлары бар болып шықты, – дейді Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің техникалық регламенттер талаптарын бақылау бөлімінің басшысы Сабира Ибайдуллаева.

Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандары жыл басынан бері өнімдердің қауіпсіздігін мониторингілеу мақсатында 21 сауда орнынан барлығы 343 сынама сатып алды. Іріктен алынған өнімдердің басым үлесі, яғни 73,5% тағам өнімдерінің үлесінде болса, 26,5% тамақ емес өнімдер құрады. Оның ішінде отандық тауарлар қатары 20,1%, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде

токсикологиялық улану қаупін туындатады. Сәйкессіздік анықталған екі ойыншық та Қытайда өндірілген. Сондықтан балаларға ойыншық сатып аларда қауіпсіздік құжатының болуына мән беруге кеңес береміз. Мониторинг аясында анықталған сәйкессіздіктердің көпшілігі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер енішінде.

Кеден Одағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмеген өнімдер бойынша 11 сауда объектісіне ҚР халықтық санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын бұзуды жою жөніндегі нұсқамалар берілді. Сәйкессіздік анықталған отандық өнімдер бойынша өндірушілерге тиісті ша-



БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҒЫ: САПА СЫН КӨТЕРЕМЕ?

Базарда сатылып жатқан көздің жауын алатын ойыншықтардың басым бөлігі талап үдесінен шықпайтыны жасырын емес. Бала тілегін орындайтын ата-ана ойыншықтардың қызылды-жасылдына қарамай алып береді. Алайда сол нәтиженен ауру жұқтырып жатқан балалардың жағдайын айтып, дабыл қағып жатқандар да бар.

Ойыншық өнімдеріне байланысты көп шағым түседі екен. Оның 75 проценті сатып алған тауарларының сапасыздығына қатысты. Адамдардың басым бөлігі азық-түліктен ұланса, балалар ойыншығынан зардап шегетіндердің де үлес салмағы аз емес. Ең қиыны сапасыз ойыншықтардың кесірінен ауруға шалдыққандар оны дәлелдей алмай әлек болады.

– Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандары өнімдердің қауіпсіздігін мониторингілеу мақсатында 2022 жылға бекітілген жоспар-кестеге сәйкес сауда орындарынан Қытай Халық Республикасының және Әзербайжан Республикасының 4 ойыншық үлгілері сатып алып, зертханалық сараптамалар жүргізді. Жүргізілген зертханалық сараптамалардың нәтижесінде, барлық үлгіден сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, барлығы таңбалануы бойынша техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес

Әрине, адам ағзасына зиянды тауарларды өндіріп, тұтынушыға ұсыну заңға қайшы әрекет болып табылады. Ол үшін өндіруші мекемені жауапқа тартуға болады. Бірақ ең өкініштісі, кейде біз өзіміздің сатып алып жатқан дүниеміздің қайда, қалай жасалатынына мән бермейміз. Еліміздің «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңының 7-бабында ойыншықтардың сыртында өнімді дайындаушы, тауар белгісі, ойыншық атауы, дайындалған күні мен өндірген мемлекеттің аты, тауар белгісі, қолданылу шарттары, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтары көрсетілуі тиіс екені айтылған. Ал базардағы ойыншықтар осы талап үдесінен толық шыға ма?

өнірілген өнімдер – 63,5% және өзге елдердің тауарлары – 16,3%.

Жүргізілген сараптамалар нәтижесі бойынша сатып алынған барлық өнімдердің 30 үлгісі техникалық регламенттердің талаптарына сай келмей шықты. Атап айтқанда, 4 өнімнен микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкессіздіктер тіркелді. Ішек таяқшалары тобының бактериялары тауық етінен, сүттен және тұшпарадан табылса, шайдан зен анықталды. Мұндай азық-түлікті пайдалану түрлі ішек инфекциялары мен тағамнан улану жағдайларына алып келуі мүмкін. Қырғыз және Ресей сүт өнімдерінен майқышқылды құрамынан 2 сәйкессіздік табылды.

Бұдан бөлек физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша 4 өнімнен, таңбалануы бойынша 24 өнімнен бұзушылықтар тіркелді. Ал балалар ойыншығының 2 үлгісінен формальдегидтің шамадан тыс мөлшері анықталды. Бұл химикаттың көлемі рұқсат етілген деңгейден асып кетсе

рлар қабылдау қажеттілігі туралы хабарламалар жіберілді. Сонымен қатар сараптама нәтижелерімен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкессіздік анықталған импорттық өнімдер туралы ақпарат тиісті елдердің өндірушілерінен одан әрі хабарлау үшін жолданды.

Базардағы ойыншықтар көбіне көрші елдерден әкелінеді. Егер сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатты болмаса оны сатып алудың қажеті жоқ. Ойыншықтарды кездесік жерлерден емес, арнайы сауда орындарынан сатып алу керек. Ойыншық таңдау кезінде оның иісіне, түріне, боялуына мән берген жөн. Оны оңай тексеруге болады, мысалы сүлгімен немесе саусағыңызбен сүртпін көріңіз, егер сүлгі немесе саусағыңызға бояу жағылса, онда мұндай ойыншықтан бас тартқан дұрыс.

Рас, таным-түсілігі қалыптаса қоймаған бала үшін ойыншықтың алар орны ерекше. Түрлі қуыршақтар арқылы бала қоршаған ортаны таниды. Ойынға алданып, жалғыздықтан арылады. Тіпті өзінің сүйкімді қуыршағына бауыр басқан сәби түнде де оны құшақтап жатады. Күні-түні бала қолынан түспейтін қуыршақтардың кейде адам ағзасына кері әсерін тигізіп жататыны да жасырын емес. Сол үшін балаға ойыншық таңдағанда мұқият болыңыз. Себебі сол қуыршақтардан дертке ұшырап жатқандар аз емес.

Ақтілек БІТІМБАЙ



Балаңыз «TikTok-та» не түсіріп жүр?

Бүгінде балалардың басым бөлігі смартфонға тәуелді. Әр ата-ана баласын қатарынан қалдырмау үшін өзі ішін-жемесе де соңғы үлгідегі қымбат смартфонды алып беретіні түсінікті. Дегенмен осы уақытқа дейін әлеуметтік желіде қауіпті ойындар ойнап немесе пайдасыз парақшаларды қызықтайтын жасөспірімдер көбейді. Бір сөзбен айтқанда, қазір баланы әлеуметтік желі тәрбиелеуде.

Соның бірі – «TikTok» желісі. Ресми дерекке сүйенсек, әлем бойынша оның 800 миллионнан астам қолданушысы бар. Бұл елімізде балалар үшін де, ересектер үшін де кеңінен танымал. TikTok-тың трендке айналған бейнежазбалары – балалар мен жасөспірімдердің бұл. Қысқа уақыт ішінде «жұлдзы» болғандар да бар. Біз айтып отырған «TikTok» желісіне әлемдегі көптеген ел тыйым салыпты. Ал біздің елде күннен-күнге тіркелушілер саны артып келеді.

Жақында осы мәселе төңірегінде депутат Нұртрөре Жүсіп премьер-министр Әліхан Смайыловқа сауал жолдады.

– Біз ұлттық идеология мен ұлттық тәрбиеде үлкен олқылық жіберіп алдық. Мұны ашық мойындау керек. «Менің мемлекетім», «Менің Қазақстаным» деген отансүйгіш сезімді терең орыныртқыр орнына, қалай да ақша табу, тез баю, тірліктің бәрін ақшамен өлшеу ұғымдарын алға шығардық. Бүгінгі жастар бабалардың «тәк-тәк» деген тыйымдарымен емес, «TikTok» арқылы тәрбиеленуде. Өз ордасын өзі ойындайтын, бұл әрекет үшін бір сөз те ойланбайтын қанішерлік қайдан шықты? Өкенің сөзін баласы тындамайтын, қой дегенді білмейтін, үлкендерден ықпайтын, қызыр ұрпақ неге көбейді? Елшілі, мемлекетшілі, ертеншілі толқын қайда? Ұл-қызға дұрыс тәрбие бермесек, тұлға қалай шығады? Айтылған сөз сол жерде қалды. Сізден сол парламенттік тыйым материалдарын Үкімет мүшелерінің бәрине тааныстыруды, соларды жүзеге асыру үшін шұғыл әрекет етуді талап етеміз», – деді депутат.

Қазір «TikTok» – 8-13 жастағы балалардың сүйікті мобилді қосымшасы болып тұр.

Әсіресе карантин кезінде «TikTok-қа» тіркеліп, видео түсіргендер саны артпаса кеміген жоқ. Одан бөлек өзге де қолданушылардың жариялаған видеожазбаларын көріп, уақытының бәрін әлеуметтік желіде өткізетіндер көп. Ал сіз балаңыз «TikTok-та» не түсіріп жүргенін білесіз бе?

Бұл негізі 15 секундтық қысқа бейне-көріністер жасауға арналған қосымша. «AppStore» және «Google play» де ең көп жүктелген бағдарламалар тізімінде көш бастап тұр. Оны «ByteDance» қытайлық компанияның басшысы, 36 жастағы табысты кәсіпкер Чжан Иминг ойлап тапты. Ол оны «Доуинь» деп атаған, кейін «TikTok» деп өзгертілді. 2016 жылдан бастап қолданысыға енді. Бүгінде оның байлығы 13 миллиард долларды құрайды. «TikTok» өкілдері Лос-Анджелес, Нью-Йорк, Лондон, Париж, Берлин, Дубай, Мумбай, Джакарта, Сеул және Токиода орналасқан. 2017 жылы TikTok Musical.ly қосымшасымен бірігіп, өз мүмкіндіктерін кеңейтті. Осы арқылы аудитория 1,2 миллиардқа дейін өскен.

Мұндағы қысқа бейне-материалдар ересектер арасында да танымал. Байқасаңыздар, 15-20 секундтық бейнежазбалардың қаралымы өте көп болады. Бір-бірін алмастыратын мұндай бейне-материалдарға барлығы да құмар. Әсіресе, балалар. Жасыратын несі бар, қазір барлық бала «TikTok-та». Онда түрлі бейне-жазбаны қайталап, би билегенге мән. Оған ата-аналары да риза болып, басқалармен бөлісіп, мақтанып жатқанын қайтесің.

Десе де бұл танымал желі туралы жанжал да жоқ емес. Мәселен, 2018 жылы АҚШ-тағы қысқа бейне көріністерді алмасу қызметінде ата-ананың рұқсатынсыз, 13 жасқа толмаған балалардың заныс түрде деректерін жинады

деп қиналаған. Сөйтіп қызметкерлерге 5,7 млн доллар көлемінде айыппұл салынды. Ашық қолжетімділікте кемелетке толмағандардың жеке ақпараттары – есімі, телефоны, нөмірі мен суреті болғаны хабарланған. Сондай-ақ 2019 жылдың желтоқсанында АҚШ билігі мобилдік қосымшаны қолданушыларға, әсіресе, әскери офицерлерге жеке ақпараттарын салуға тыйым салды.

Психологтардың зерттеуіне, балалар бәрін іштей қайталап, ойын ойнағанда да оны ішкі жан дүниесімен сезінеді екен.

– Балалардың бәрі мынаынайы өмір мен теледидар, интернет желісі, компьютерлік ойындардан көргендерін ажыратып, неңің не екенін нақты түсінеді деу жансақ пікір. Егер олар жақсы мен жаманды айыра білсе, ешқандай қиындық туындамас еді. Мәселен, кітап оқымау, түн мен күнді ауыстырып алу, суицид, қоғамнан бөлектену, «ешкім мені түсінебейді» деген ойға келіп, жалғыздықты сезінебейді. Сонымен қатар теріс ағымдарға еліктеу және тағы басқа қауіп болмас еді. Бірақ қазір бұл жағдайдың барлығы көп балада кездеседі. Сондықтан әрбір ата-ана баласының болашағы жарқын болу үшін ұялы телефонға тәуелді қылмай, бірге серуендеп, жиі әңгімелесіп, баласына көңіл аударғаны жөн, – деді қалалық 3 емхананың психологы Назира Елупова.

Бәрін айт та, бірін айт қазір әлеуметтік желісіз күніміздің қалай өтетінін елестету қиын. Жастар түгелі үлкенді де өбден баурап алды. Тіпті тәуелдіміз. Ұялы телефонсыз

таңымыз атып, күніміз батпайды. Әлеуметтік желіге кірмесек, бірденнен қалғандай бар ойымыз сонда тұрады. Мұны көрген бала қандай тәрбие алмақ. Сондықтан әрбір ата-ана әлеуметтік желіге тәуелділікті жоюды ең алдымен өзінен бастау керек. Сондай-ақ тым болмағанда айына бір рет ұялы телефонының тексеріп, балаңыздың не көргенінен хабардар болып отыру қажет. Мәселен, дәл қазір сіздің балаңыз немен айналысып, қандай әлеуметтік желіге тіркеліп, не көріп жүр?

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ



РЕСЕЙ-УКРАИНА: ЕУРОПА НЕ ДЕЙДІ?

Қытайдың БҰҰ-дағы елшісі Чжан Цзюнь БҰҰ Бас Ассамблеясына мүше елдерге Украинадағы гуманитарлық жағдайдың шиеленісіп бара жатқанын, бірақ басқа елдерге «таңдау» жасауды міндеттеме керектігін алға тартты. Ол өз сөзінде Қытай арқашан Украина жерінің тұтастығын қолдайтынын және оған ешкім қол сұқпау керектігін алға тартатынын айтты.

«Өлеңімнің дамушы елдері бұл қақтығыстың себепкері емес. Олар бұл мәселеге қатыспай, геосаяси қақтығыс пен екі ел арасындағы қақтығыстан еш сақталуын сезінбеуі керек... Олар «дос немесе дұшпан, ақ немесе қара» деген қарапайым көзқарасты қабылдамауы керек және ешбір елді екі тараптың біреуін таңдауға мәжбүрлемесу керек», – деді ол өз мәлімдемесінде.

Ал бейсенбідегі G7 қолбасшыларының біріккен мәлімдемесінде Ресейді Украинаға басып кіру кезінде химиялық, биологиялық немесе ядролық қаруды қолданбау керектігін ескертті. «Біз химиялық, биологиялық және ядролық қарудың немесе осыған байланысты материалдардың кез келгенін қолданбауға шақырамыз», – деп жауап қайтарды Брюссельдегі кездесуден кейін.

Германия канцлері Олаф Шольц G7-нің кезектен тыс отырысынан кейін Ресейдің Украинада химиялық немесе биологиялық қарудың кез келген түрін қолдану «барлық ережелерді, келісімдерді және қолданыстағы конвенцияларды бұзу болады», – деді. «Біздің «Олай істеме» деп айтудан басқа амалымыз жоқ», – деді ол.

Ал АҚШ президенті Джо Байден G7-нің отырысынан кейінгі баспасөз жиынында мемлекет басшысы ретінде Украинаға берген уәдесін орындауға дайын екенін айтты. «АҚШ мен президент болғаннан бері Украинаға 2 миллиард доллардан астам әскери техника беруге сөз берді. Мен айттып тұрған зениттік жүйелер, танкке қарсы қару, ок-дәрілер мен қуарулармыз Украинаға жеткізілуде. Ал бүгін мен АҚШ-тың соғыстан зардап шеккен миллиондаған украиндықтарға көмектесу үшін 1 миллиард доллардан астам гуманитарлық көмек беруге дайын екенін жариялаймын», – деді Байден.

Сондай-ақ ол Америка 120 мыңға жуық украиндық босқанды қабылдауға дайын екенін және алдағы уақытта Ресейге қарсы санкциялар жарияланатынын айтты. Журналистің «Америка Ресейдің жаппай құрғағар арналған қаруды қолдануға дайындық жұмыстарын барлайтынын айтты. Қазіргі кезде барлау жұмыстары қалай жүргізілуде? Ресей химиялық қару қолданса АҚШ не істемек?» деген сұрағына «Барлау жұмыстары туралы ештеңе айта алмаймын. Ал егер Путин ондай қаруды пайдаланса, біз жауап береміз. Қандай қару қолданылса, дәл сондай қараумен біз Ресейге жауап береміз», – деді Байден.

Сондай-ақ баспасөз жиынында Джо Байден Си Цзиньпинмен Қытайдың Ресейге көмектесуі туралы ашық сөйлесіп, мұндай көмек Қытай экономикасына кері әсер ететінін ескерткенін тілге тиек етті. «Менің ойымша, Қытай өзінің экономикалық болашағы Ресейден гөрі Батыспен әлдеқайда тығыз байланысты екенін түсінеді. Сондықтан ол мұндай әрекетке бармайды деп үміттенемін», – деді Байден.

Ал Франция президенті Эммануэль Макрон өз кезегінде Франция Украинадағы соғыстың өршуіне жол бермеуге арналған «құжымдарды күшейтетінін», бірақ француз әскерінің тікелей қатыспайтынын тағы бір ескертті.

«Біз шиеленістің алдын алу және орын алған жағдайда ұйымдастыру жұмыстарын күшейтуге бел булық. Өз ұстанымдарымызды Украинадағы соғыс және оның салдары тудырған жаңа стратегиялық жағдайларға бейімдеуді жалғастыру қажеттілігін негізінде әрекет етіп жатырмыз. Сонымен қатар НАТО жаттығуларына 3200 француз әскері қатысады», – деді Франция президенті.

Өз кезегінде НАТО-ның бас хатшысы Йенс Столтенберг Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс жалғасып жатқан тұста Ресей мен НАТО арасында толыққанды соғыс болуы екіталай деп санайтынын айтты. Ал Украина президенті Зеленский G7-ге санкцияларды күшейту және U-24 деп аталатын жаңа топ құру арқылы «бітімгерлердің мықты тобы» бола алатынын айтты.

«Біз сіздердің G7 тобыңызды жай ғана керемет жетілік емес, бітімгерлердің ұлы жетілігін жасай аламыз. Бізге не керек? Бұл сұраққа Украина нақты жауап береді. Біз Ресей агрессиясы тоқтап, бейбітшілік орнамайынша, апта сайын оған қарсы санкцияларды күшейтуіміз керек», – деді Зеленский G7 елдеріне.

«Ресей жаһандық қауіпсіздік архитектурасын бұзып, халықаралық қатынастарға мықты соққы берді. Бірақ бұл тек бастамасы ғана. Бұл соғыс жаһандық азық-түлік дағдарысына ұласуы мүмкін. Украина жеріндегі соғыс неғұрлым ұзақ болса, Украинадан әлемдік нарыққа азық-түлік аз түседі, Азияның, Африканың тіпті Еуропаның көптеген елі негізгі азық-түлікке қол жеткізу және азық-түлік бағасына қатысты төтенше мәселелерге тап болуы мүмкін. Бұл саяси тұрақсыздыққа әкелетіні сөзсіз. Бәлкім бұл Ресей басымының мақсаты болған да шығар. Мен білмеймін. Бірақ біз дереу әрекет етуіміз керек. Дерек Ресей әскерін тоқтатып, Украинадан шығаруымыз керек. Әлем тағы бір қиындыққа тап болмас бұрын бізге дереу бейбітшілік қажет. Жаһандық азық-түлік дағдарысының салдарын кейінірек шешкенше, оның соғыс машинасынан мүмкіндігінше тоқтату үшін Ресейге қарсы санкцияларды қазір қолданған дұрыс», – деп қосты Украина президенті.

Сондай-ақ ол өз сөзінде Ресейді түбегейлі GPS навигациядан айыру, әлемдік қаржылық қызметте Ресейдің орталық банкі бұғаттау керектігін айтты және Ресей қолданылуы халықаралық құқықпен тыйым салынған немесе шектелген кей фосфорлы ок-дәрілерді қолданып жатқандығын айтты.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан НУРАЗГАЛИ

Басы 1-бетте